

**БАЛАБАҚШАДАҒЫ ТӘРБИЕЛЕУ ЖҰМЫСТАРЫ****Адилбаева Г.Е.***Шыршық мемлекеттік педагогика университеті  
Мектепке дейінгі білім факультеті 2-курс студенті*

**Аңдатпа.** Мақалада балабақшадағы тәрбиелеу – оқыту жұмысында ерте жастағы балалардың тілін дамыту, сөздік қорларын дамыту, ауызша сөйлеуге үйрете отырып үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдану әрі оны күнделікті іс – әрекет кезіндегі тілдік қарым – қатынаста қолдана білуге жаттықтыру ісіне ерекше мән берілгені жайында шолу жасалған.

**Abstract.** *The article reviews the fact that in the work of education and training in kindergarten, special attention is paid to the development of the language of early-aged children, the development of vocabulary, the free use of the words learned by teaching them to speak in everyday life and the ability to use them in language communication during everyday activities.*

**Кілт сөздер:** *балабақша, тәрбие, балалар, ауызша, сөздік.*

**Key words:** *kindergarten, education, children, oral, dictionary.*

Балабақшадағы тәрбиелеу – оқыту жұмысында ерте жастағы балалардың тілін дамыту, сөздік қорларын дамыту, ауызша сөйлеуге үйрете отырып үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдану әрі оны күнделікті іс – әрекет кезіндегі тілдік қарым – қатынаста қолдана білуге жаттықтыру ісіне ерекше мән берілген. Мектеп жасына дейінгі кезеңдегі ерте жастағы балалармен ойын ойнау тілін дамытудың негізгі бір міндеттері болып есептелінеді. Біз балалармен ойын ойнай отырып оларды айналасындағы заттармен таныстырып, атын айта білуге, қасиеті мен сапасын, түр – түсі және пішінін ажырата білуге өмірдегі, қоршаған ортадағы түрлі құбылыстар жайындағы ұғым, түсініктерін дамыта отырып белсенді түрде тілдік қарым – қатынас жасай білуге үйретеміз.

Мектеп жасына дейінгі ерте жастағы балалардың сөздік қорларын дамыту ісіне тәрбиешінің балалардың сөздік қорларын дамыту, жаңа сөздерді меңгерту, үйренген сөздерін тиянақтап анықтап әрі байытып отыру басты міндет саналады.

Осы аталған міндеттерді тәрбиеші үнемі ойын іс әрекетін жүргізуде басшылыққа алып отыруы тиіс. Мәселен, кез – келген бала еш уақытта жалғыз ойнамайды, қатар құрбыларымен бірлесіп ойнайды, сол арқылы бір – бірімен өзара қарым – қатынас жасайды. Ойын арқылы бала айналасындағы нәрседен өзіне қызықтысына ықыласы ауып өзіне таңдап алады. Баланың бір ерекше қасиеті сөйлеуден еш жалықпайды. Ойын бала тілінің дамуына ықпалын тигізіп, таным белсенділігінің дамуына жол ашады. Қай бала болмасын ойынмен өседі, өйткені бала табиғатының өзі тек ойынмен байланысты. Ойын үстінде бала еш



нәрсеге тәуелсіз. Сондықтан да ойын – балалардың дүние тану жолы, олар ойынмен өмір сүріп бәрін өзгерте алады. Ол өзін еркін ұстайды. Ал еркіндік дегеніміз – барлық дамудың баспалдағы, бәрін білуге деген талпынысы мен құлшынысы. Баланың білуге деген құштарлығы, сөйлеуі ойын үстінде қалыптасады. Сөйтіп бала топтағы жасына сәкес бағдарламалық міндетті меңгереді. Ойын ұйымдастыруда тәрбиеші өзі жетекші бола отырап балаларды ойнай білуге, ойын ережесін сақтауға әрі оларды ойната отырып ойлануға бағыттайды, заттың атын немесе қасиетін есінде сақтап қалуға жол ашады, ойынға қызықтыра отырып зейінін, қиялын дамытады.

Әр қашан да тәрбиеші ойынға қойылатын төмендегі әдістемелік талаптарды біліп, орындап отыруы тиіс:

1. Ойынның мақсаты нақты қойылып, керекті көрнекіліктер мен материалдар күн ілгері дайындалып, оңтайлы жерге қойылуы керек
2. Ойынға кірісер алдында оның жүргізілу тәртібі балаларға әбден түсіндірілгені жөн.
3. Ойынға топтағы балалардың түгел қатысуын қамтамасыз етуі керек.
4. Ойынның жүру барысында тәрбиеші балалардың түгел қатысуын қадағалаумен қатар, олардың ойын үстінде шешім қабылдай білуіне, ойлана білуіне жетелеуі керек.

Ойын бала табиғатымен егіз. Өйткені бала ойынсыз піспек емес, жан - жақты дамымақ емес. Бұл жерде атап айтатын бір нәрсе, ерте жастағы балалармен ойындарды бүгінгі педагогикалық ілім талаптарына сай іріктеп, ретті қолдана білсек, онда олардың тілдік құзыреттіліктері артады.

Ендеше ерте жастағы балалардың тілінің дамуына қазір жағдай жасайық!

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Ерте жастағы (1 жастан бастап 3 жасқа дейінгі) балаларды тәрбиелеу мен оқытуға арналған «Алғашқы қадам» бағдарламасы. - Астана, 2010ж;
2. «Әнші балапан» мектепке дейінгі жастағы балаларға арналған әндер мен өлеңдер жинағы. – Астана, 2014ж;
3. Ikromov, I. (2023). Pedagogik amaliyotni amalga oshirish jarayoni tizimli tashkil qilish. *Namangan davlat universiteti Ilmiy axborotnomasi*, (6), 729-736.
4. Ikromov, I. M. (2023). General characteristics of the organization of continuous pedagogical experimental work. *NamDU axborotnomasi*, 5(3), 863-869.
5. Исманова, М. А. (2021). Развитие и оценка функциональной грамотности школьников на основе международных исследований PIRLS. *Экономика и социум*, 9(88), 405-407.
6. Abdumuminovna, I. M. (2023). Mechanisms of creative skills formation in students. *Open Access Repository*, 9(6), 171-175.



7. Ismanova, M. A. (2023). Maktabgacha yoshdagi bolalarda atrof-muhit va uning muammolari. *Mugallim*, 1(1), 75-78.
8. Ismanova, M. A. (2022). Methodology of teaching history as an academic subject. *Mugallim*, 2(12), 78-80.
9. Исманова, М. А. (2022). Психологические свойства формирования профессиональной направленности личности педагога. *Мугаллим*, 5(15), 16-20.
10. Исманова, М. А. (2022). Болалар психологиясининг умумий масалалари. *Мугаллим*, 5(3), 15-18.
11. Исманова, М. А. (2022). Мактабгача таълим ташкилотларда турли фаолиятларда кластер методидан фойдаланиш. *Academic research in educational sciences*, 3(12), 80-83.
12. Ismanova, M. A. (2021). Maktabgacha ta'lim tashkilotlarida rahbarlik qilish va tashkil etish masalalari. *Academic research in educational sciences*, 2(5), 1581-1587.
13. Ibadullaev, K. (2022). Features of the organization and conduct of international assessment programs. *Журнал иностранных языков и лингвистики*, 6(6), 1-10.
14. Ibadullayev, Q. M. (2022). Specific Characteristics of Organizing and Conducting International Assessment Programs. *International Journal on Integrated Education*, 5(12), 140-143.
15. Ibadullayev, Q. M. (2022). Features of the organization and conduct international assessment programs. *Mental Enlightenment Scientific-Methodological Journal*, 1(6), 2-10.
16. Ibadullayev, Q. M. (2022). The content and importance of establishing educational quality control. *Mental Enlightenment Scientific-Methodological Journal*, 1(6), 12-19.
17. Ибадуллаев, К. М. (2022). Ўрта таълимга инновацияларни жорий этишнинг мамлакатимиз ижтимоий тараққиётидаги аҳамияти. *Экономика и социум*, (4-2 (95)), 887-890.
18. Ибадуллаев, К. М. (2021). Педагогик таълим кластери бўйича хориж тажрибаси. *Academic research in educational sciences*, 2(12), 1543-1551.